




ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ КЛИМАТЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒЫ ШІЛДЕ АЙЫНЫҢ ЖЕДЕЛ МОНИТОРИНГ

*Қазақстан аумағындағы орташа айлық ауа температурасы және
атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аномалиялары*

Бюллетень мемлекеттік органдарды, салалық ұйымдарды, ғылыми қауымдастықты және басқа да мүдделі пайдаланушыларды Қазақстан аумағындағы қазіргі климаттық жағдайлар туралы жедел ақпараттандыруға арналған.

ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

- 2026 жылғы шілдеде орташа айлық ауа температурасы климаттық нормадан **1,32 °C жоғары болды.**
- Жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан төмен болып, **нормадан 6,96 мм құрады.**



1-сурет – 1941–2026 жж. кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша шілде айындағы орташа ауа температурасы (а) (°C) пен атмосфералық жауын-шашын (б) (мм) аномалияларының уақыттық қатарлары.
Аномалиялар 1991–2020 жж. базалық кезеңіне қатысты есептелді

АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ

Шілде айындағы ауа температурасы аномалияларының уақыттық қатарын талдау соңғы он жыл ішінде климаттық нормадан тек оң ауытқулардың байқалғанын көрсетеді (1а-сурет). 2026 жылғы шілде айындағы ауаның орташа температурасы климаттық нормадан 1,32 °C-қа жоғары болды (9-ранг). Бақылаудың бүкіл кезеңіндегі ең жылы ай ретінде 2023 жылғы шілде айы қалды (1-ранг).


Шілде айында Қазақстан аумағында ауаның орташа айлық температурасының оң аномалиялары басым болды (2-сурет). Климаттық нормадан 3,1–4,3 °C-қа дейінгі ең

жоғары оң ауытқулар, негізінен елдің солтүстік-батыс, солтүстік, солтүстік-шығыс және орталық аудандарында тіркелді.

Метеорологиялық станциялардың 82,6 %-ында ауа температурасының мәндері 95–100 % аспау ықтималдығымен «экстремалды жылы» градациясына сәйкес келді (1-кесте).

Ақтау метеорологиялық станциясында (Маңғыстау облысы) –0,2 °C теріс ауытқу тіркелді.

Елдің батыс аймақтарының кей жерлерінде ауа температурасы климаттық нормаға жақын болды.



2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы шілде айындағы орташа айлық ауа температурасы (°C) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

1-кесте. 2026 жылғы шілде айындағы ауа температурасының орташа айлық рекордтық мәндері

№	Метеостанция	Облыс	Ауа температурасының ең жоғары жаңа мәні, °C	Ауа температурасының бұрынғы орташа айлық рекорды, °C
1	ҮАК (Үлкен Алматы)	Алматы	15,3	14,7 (1956 ж.)

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫН

2026 жылғы шілдеде жауын-шашын климаттық нормадан 6,96 мм-ге төмен болды.

Шілде айындағы ай сайынғы жауын-шашын ауытқуларының уақытша қатарлар талдауы көрсеткендей, соңғы он жылда 2024 жылғы шілде айын қоспағанда, жауын-

шашын тапшылығы басым болған (16-сурет).

Қазақстан аумағының басым бөлігінде жауын-шашын мөлшері климаттық норма шегінде болды (3-сурет).


Елдің әр өңірінде климаттық норманың 120%-нан асатын жауын-шашын мөлшері жергілікті жерлерде байқалды.

Жауын-шашынның артық мөлшері байқалған ең ірі ошақтары Атырау, Маңғыстау және Түркістан облыстарында тіркелді. Махамбет, Жетісай және Пресногорковка метеоростанцияларда айлық жауын-шашын мөлшері 95–100% шектен аспау ықтималдығымен «өте ылғалды» санатына сәйкес келді.

Атырау облысындағы Махамбет метеоростанцияда айлық жауын-шашын мөлшері бойынша жаңа рекорд орнатылды (2-кесте).

Батыс Қазақстан облысының, Ақтөбе облыстарының солтүстігінде, Қостанай облысының батысында, сондай-ақ Ақмола мен Павлодар облыстарында және Абай мен Жетісу облыстарының аудандарында жауын-шашын тапшылығы байқалды. Елдің оңтүстік және орталық бөліктерінде де жауын-шашын тапшылығының шағын ошақтары тіркелді.

Он бір метеостанцияда 0–5 % ықтималдықпен «өте құрғақ» санатқа сәйкес келетін айлық жауын-шашын мөлшері тіркелді.



3-сурет. 2026 жылғы шілдедегі атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің (1991–2020 жж. кезеңге есептелген норма % бойынша) және атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі).

Ескерту: Жетісай метеостанциясында 2026 жылғы шілде айында 15 мм жауын-шашын түсіп, климаттық норманың 1,4 мм құрап, норманың 1071%-ына мөлшеріне тең болды. Мұндай жоғары пайыздық көрсеткіш метеостанциядағы шілде айындағы жауын-шашынның климаттық нормасының өте төмен болуына байланысты. Мұндай норма жағдайында жауын-шашынның айлық мөлшері аз болғанның өзінде, оның пайыздық арақатынасы өте жоғары болды. Рекордтық мән 1969 жылы тіркеліп, 20,2 мм-ді немесе климаттық норманың 1443%-ын құрады.

2-кесте. 2026 жылғы шілдедегі атмосфералық жауын-шашынның айлық мөлшерінің рекордтық мәндері.

№	Метеостанция	Облыс	Жауын -шашынның айлық мөлшерінің жаңа рекорды, мм	Жауын-шашынның айлық жиынтығының бұрынғы рекорды, мм
1	Махамбет	Атырау	53,9	38,1 (2016 ж.)

«Қазгидромет» РМК Ғылыми-зерттеу орталығының Климатты зерттеу бөлімімен дайындалды (Астана қ.)

Шығарылымға жауапты:

Ж. Дюсенова – ҒЗО КЗБ жетекшісі ғылыми қызметкері

Н. Абдолла – ҒЗО КЗБ жетекшісі инженері